

А. А. Қаржанова, 3-курс

*Ғылыми жетекшісі: А. А. Қалиев, азаматтық-құқықтық пәндер кафедра-
сының оқытушысы*

(ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

ҚАЗІРГІ ТАНДАҒЫ ҰЖЫМДЫҚ ДАУЛАР МӘСЕЛЕСІ

Жұмыс беруші мен жұмысшылар арасындағы әртүрлі құқықтық, мұдделік қатынастарға байланысты дау-дамайлар барлық елде болыш тұрады. Қазіргі танда, әлем алпауыттарына айналған АҚШ, Ұлыбритания, Азия жолбарыстары Жапония, Корея елдері де кезінде осы текстес мәселелрмен бетпе-бет келген. Қазба байлығы жөнінен әлемнің алдыңғы қатарлы елде-

рінің біріне айналған Қазақстанда соңғы жылдарда жүздеген жаңа кен орындары ашылып, аталған кәсіпорындарда мындаған отандасымыз ел дамуына ерекше үлес қосып келеді.

Нарықтық экономика жағдайына көшіп, құқықтық мемлекет негіздерін қалаған Қазақстанда да жұмыс беруші мен жұмысшы арасындағы қайшылықтар ара-тұра бой көрсетіп жатады. Елімізде азаматтардың белгілі бір мәселеге қатысты өздерінің заңды құқықтарын талап етуі — елдегі ашықтық пен жариялыштықтың, азаматтық қоғамның айқын белгісі бола тұрып, қазіргі кезде мемлекеттік қауіпсіздік пен қоғамдық тәртілті бұзатын құқық бұзушылықтардың алғы шартына айналып бара жатыр.

«Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар» деп КР конституциясының 24-бабы 1-тармагында жазылған. Әр адам еңбек саласындағы қатынастардың субъектісі ретінде өз құқықтарын қорғай алады. Еңбек қатынастарын реттейтін Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде өз мүдделері мен құқықтарын қоргаудың заңды жолдары көрсетілген. Бірақ елдегі больш кеткен еңбек саласындағы бой көтерулер бұл саладағы қатынастарды реттеуші нормалардың жетілмегені мен елдегі еңбек саясатының әлсіздігін көрсетеді. Бұл бас көтерулер мемлекеттің жан-жақты дамуына, саяси өмірі мен бекітілген заңдылықтарды жүзеге асыруға кері әсерін тигізеді. Сонымен қоса елдегі тыныштық пен тәртіпке қол сұғады. Еңбек қатынастары күрделі құбылыс болғандықтан, оның ішінде күрделі мәселе туғызатын ұжымдық дауларды реттеу заңнамада маңызды орын алуды керек.

Жоғарыда айтылып кеткен 2011 жылдың елді дүрсілкіндірген мәселелердің бірі — Батыс Қазақстан облысындағы ереуілдер. Бұл ереуілдер регионның барлық мұнай компанияларында болып өтті. Мысалы, Ersai Caspian Contractor LLC «Қаражамбас», «Өзенмұнайгаз» компанияларында бұл болған жайдың ізі әлі суыған емес. Бұл мәселе сол аумақтағы еңбек қатынастары жағдайын өзгеруіне ғана емес, бұл жаппай елдегі жағдай, сонымен бірге еңбек қатынастарын реттейтін заңнама саласында өзгерістерге әкелуі керек деп ойлаймыз. Ереуіл бұл ұжымдық дауды шешудің қазіргі таңда бір жолы болып табылады, қызметкерлер көбінесе дауды нәтижелі шешу үшін бұл жолды таңдайды, сондықтан 1996 жылы 8-шілдеде қабылданып, күші жойылған «Ұжымдық еңбек даулары мен ереуілдер туралы» заңын қайта карастырып, бұл мәселеге заңда ерекше тоқталатын нормативтік акт қабылдануы керек. Бұл актіде ұжымдық дау деген ұғымға заңнамада жеке дара түсінік беріліп, оның мазмұны мен пәніне, ерекшелігіне сипат берген жөн. Сонымен бірге ереуіл деген санатқа кең көлемде тоқталса жақсы болар еді. Ұжымдық дауларды шешудің басқа да бейбіт бітімгершілік жолдарын жетілдіруді де қарастырған дұрыс. Қорытындылай келгенде, Қазақстан Республикасында ұжымдық еңбек даулары және оларды шешу туралы заң қабылдану керек. Яғни, өткен жылда болып өткен заңсыз ереуілдерді енді болдырмау мәселеін шешу үшін барлық қол жетер шараларды іске асыру керек.